

Теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 360 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 15 мамырда № 11060 тіркелді

«Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-24) тармақшасына сәйкес
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған Теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Көлік комитеті (Ә. А. Асавбаев) :

1) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді ;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды ;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 2-тармағының 1), 2) 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы Ж. Қасымбек

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

2015 жылғы 10 сәуір

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін атқарушының
2015 жылғы 27 наурыздағы
№ 360 бұйрығымен бекітілген

Теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлерін нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етудің заттай нормалары

Р/с №	Заттардың атауы	1 адамға заттар саны (1 киімді киіп жүру мерзімі (жыл) дана)	
1	2	3	4
Ерлер нысанды киімі			
1.	Қара түсті қысқы китель	1	3
2.	Қара түсті жазғы китель	1	3
3.	Қара түсті жартылай жүн матадан шалбар	1	3
4.	Қара галстук	2	1
5.	Күнделікті қара түсті фуражка	1	3
6.	Ұзын жеңді крем түсті жейде	2	1
7.	Қысқа жеңді ақ түсті жейде	2	1
8.	Қара түсті су сіңірмейтін матадан тігілген күрте	1	3
9.	Алынатын жылытқышы бар қара түсті плащ матасынан тігілген плащ — пальто	1	4
10.	Қара түсті цигейкадан жасалған, жағасы жүннен және қайырмасы бар қара түсті жүн драптан тігілген басшылық құрамға арналған қысқы пальто	1	3
11.	Қара түсті цигейкадан тігілген құлақшын	1	4
12.	Жинақ: қысқы күрте мен комбинезон шалбар	1	3
13.	Унты етігі	1	3
14.	Кокарда	1	4
15.	Шеврон	4	4
16.	Жетон	1	3
17.	Жеңдегі жапсырмалар	2	3
18.	Иықтың жапсырмалары	2	3
Әйелдер нысанды киімі			
1.	Қара түсті қысқы китель	1	3
2.	Қара түсті жазғы китель	1	3
3.	Қара түсті қысқы юбка	1	2
4.	Қара түсті жазғы юбка	1	2

5.	Қара түсті қысқы шалбар	1	2
6.	Қара түсті жазғы шалбар	1	2
7.	Ұзын жеңді крем түсті жейде	2	1
8.	Қысқа жеңді ақ түсті жейде	2	1
9.	Қара түсті галстук	2	1
10.	Қара түсті мақта қағазды матадан тігілген берет	1	3
11.	Қара түсті жүн матадан тігілген берет	1	3
12.	Қара түсті су сіңірмейтін матадан тігілген күрте	1	4
13.	Қара түсті цигейкадан жүнмен өңделген жағасы бар қара түсті жүн драптан тігілген басшылық құрамға арналған қысқы пальто	1	3
14.	Қара түсті цигейкадан жасалған, жағасы жүннен және қайырмасы бар қара түсті плащ матасынан тігілген қысқы күрте	1	3
15.	Кокарда	1	4
16.	Шеврон	4	4
17.	Жеңдегі жапсырмалар	2	3
18.	Иықтың жапсырмалары	2	3